QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №36 (2038) 5 ҚАЗАН 2026 ЖЫЛ



Германияда ЖОО басшыларымен кездесу өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Германия ЖОО ректорлары және ғылыми институт жетекшілерімен кездесуіне қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Германияның білім саласындағы табысты ынтымақтастығына тоқталды.

«Бүгінде Қазақстанның 45 университеті Германиядағы 100-ге жуық серіктеспен ынтымақтастық орнатқан. Екі мыңға жуық қазақстандық студент Германияда білім алады. Қазіргі кезде елімізде шетелдік университеттердің 30-дан астам филиалы мен серіктес өкілдігі бар», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы білім алмасу тәжірибесінен білім қорын бірлесе жасау үдерісіне көшуге мүмкіндік беретін серіктестіктің үш негізгі бағытын ұсынды.

«Біріншіден, бірлескен білім беру бағдарламаларын көбейтіп, серіктес оқу орындары арасындағы қосдипломды бағдарламалардың аясын кеңейту керек. Екі ел студенттері мен зерттеушілерінің бірлесе жұмыс істеуіне мүмкіндік беру маңызды. Осы орайда, елдеріміздің арасындағы академиялық байланысты нығайтуға ықпал ететін арнайы білім алмасу бағдарламасын іске қосуды ұсынамын», – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, технология трансферi – серіктестіктің үшінші бағыты. Қасым-Жомарт Кемелұлы неміс кәсіпкерлерін бірлескен мекемелер жанынан инженерлік зертханалар мен трансфер орталықтарын ашуға шақырды. Сондай-ақ мұндай бастамаларды қоса қаржыландыру арқылы қолдауға дайын екенін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорыта келе, Германия мен Қазақстанның жетекші университеттері мен ғылыми институттарының басшыларын жаңа жобаларды бірлесе атқаруға шақырды.



Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Жамбыл мұрасы жоғары деңгейде сарапталды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына орай, «Жамбыл және қазіргі дәуірдің өзекті мәселелері» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Ауқымды шараға ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, генерал-полковник, Халық Қаһарманы Сәт Тоқпақбаев, Алматы облысы әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев, ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Азиз Кажденбек, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Манас, фольклор, ақындар поэзиясы бөлімінің басшысы Мәэрим Көлбаева, сондай-ақ Өзбекстаннан келген профессор Насриддин Назаров қатысты.

Жалғасы 2-бетте



Студенттерді қабылдау рәсімін ЖИ жүргізді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде бірінші курс білім алушыларын студенттер қатарына қабылдау салтанаты өтті.

Биылғы дәстүрлі шара заманауи технологиялармен сабақтасып, жасанды интеллект мүмкіндіктерін кеңінен қолдану арқылы ұйымдастырылды.

Ауқымды жиынға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Азиз Кажденбек, сондай-ақ Қытай, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан университеттерінің басшылары мен профессорлары, Иран, Ауғанстан және Әзірбайжанның дипломатиялық өкілдері, университет түлектері мен танымал тұлғалар қатысты.

Жалғасы 8-бетте


2-бет **Халықаралық серіктестікті дамыту маңызды**



3-бет **Құрылтай: ұлттық санадан – сапалы білімге дейін**



4-бет **ЖИ технологияларын тиімді меңгеру**



Жамбыл мұрасы жоғары деңгейде сарапталды

Басы 1-бетте



Сонымен қатар жиынға белгілі ғалымдар, ЖОО ректорлары мен ғылыми-зерттеу институттарының басшылары, тарихшылар, филологтар, оқу ордасының оқытушы-профессорлық құрамы мен білім алушы жастары жиналды.

Шарада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаев оқып берді.

«Жамбыл Жабаев – ұлт мәдениетінде ерекше орны бар тарихи тұлға. Халқымыздың біртуар перзенті айтыс өнерінің өрісін кеңейтуге, қазақ-қырғыз әдеби байланысын нығайтуға өлшеусіз үлес қосты. Өз дәуірінің тыныс-тіршілігін асқан шеберлікпен суреттеп, жұрттың ыстық ықыласына бөленді. Ақынның шығармалары көптеген шет тілдеріне аударылып, барша адамзатқа ортақ қазынаға айналды», – делінген Президенттің құттықтау хатында.

Конференцияда ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев Жамбыл Жабаев мұрасын зерттеудің бүгінгі ғылым үшін маңыздылығына тоқталып, ақын шығармашылығының ұлттық руханияттағы айрықша орнын атап өтті.

«Жамбыл мұрасының маңыздылығы туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Жамбыл – ұлттық поэзиямыздың алып бәйтерегі, халқымыздың рухани феномені. Оның бай мұрасы – отансүйгіштік пен елдіктің, бірлік пен парасаттың сарқылмас қайнар көзі», – деп ерекше атап өткен болатын. XX ғасырдың бірінші жартысында жыр-дастан дәстүрі жойылу қаупіне ұшыраған аласапыран заманда тарих сахнасына Жамбыл шықты. Ана тіліміз бен ұлттық жадымызды келешек ұрпаққа аман-есен жеткізе білді. Табиғи талантымен танылған ол көзі тірісінде-ақ «XX ғасырдың Гомері» әрі «қазақ поэзиясының алып тұлғасы» деген жоғары құрметке ие болды», – деді ректор.

Жиында Жамбыл шығармашылығының тарихи-мәдени мәні, ақынның айтыскерлік өнері, жыраулық дәстүрді дамытудағы орны, халық әдебиетіндегі рөлі, сондай-ақ шығармаларының тілдік және көркемдік ерекшеліктері кеңінен сөз болды.

Конференция барысында Жамбыл Жабаев шығармашылығының түрлі қырларына арналған мазмұнды баяндамалар жасалды.

Шара аясында тәуелсіздік жылдарындағы жаңаша көзқараспен әзірленген «Жамбылтану» атты 5 томдық іргелі жинақтың тұсаукесер рәсімі ұйымдастырылды. Көптомдық еңбек – ақынның өмірі мен шығармашылығын жан-жақты зерттеуге бағытталған ауқымды ғылыми ізденістің нәтижесі. Басылымда ақынның шығармашылық мұрасы, әдеби ортасы, дәстүрлі поэзиядағы орны, сондай-ақ шығармаларының көркемдік және идеялық ерекшеліктері толық қамтылған.







Халықаралық серіктестікті дамыту маңызды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Патрис Лумумба атындағы Ресей халықтар достығы университетінің (РХДУ) делегациясымен кездесті.

Делегация құрамында Ресей халықтар достығы университетінің бірінші проректоры – экономикалық мәселелер жөніндегі проректор Сергей Назюта, ректордың ғылыми қызмет жөніндегі кеңесшісі Нұр Қирабаев және жасанды интеллект факультетінің деканы Антон Поддубский бар.

Кездесуде Жансейіт Түймебаев халықаралық серіктестікті дамыту мен академиялық байланыстарды нығайтудың стратегиялық маңызын атап өтіп, екіжақты ғылыми жобаларды жүзеге асыруда ҚазҰУ-дың қуатты суперкомпьютерін тиімді пайдалануды ұсынды. Сонымен қатар тараптар ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын айқындау үшін ортақ дөңгелек үстел ұйымдастырып, нақты іс-қимыл жоспарын бекітуге келісті.

Өз кезегінде Сергей Назюта ҚазҰУ-мен әріптестікті тереңдетуге үлкен қызығушылық білдірді. «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен байланысты нығайту біз үшін аса маңызды. Сапарымның басты мақсаты университеттің жасанды интеллект пен ақпараттық технологиялар саласындағы әлеуетімен танысу болды. Заманауи инфрақұрылыммен жабдықталған IT және ЖИ факультетінің жұмысына жоғары баға беремін. Алдағы уақытта бірлескен жобаларды бастауға уағдаластық», – деді ресейлік проректор.

Сондай-ақ РХДУ өкілдері ҚазҰУ ғалымдары мен оқытушыларын өз базаларында ғылыми тағылымдамадан өтуге арнайы шақырды.



Мерекеде оқытушылар марапатталды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев 1 қазан – Қазақстан Республикасының жоғары білім қызметкерлері күні мерекесіне орай, оқу ордасының оқытушыларымен кездесу өткізді.





Жансейіт Қансейітұлы ғалымдарды, ардагер оқытушыларды, университет қызметкерлерін мерекемен құттықтап, олардың жоғары білікті мамандар даярлаудағы маңызды рөліне тоқталды. Университет басшысы оқытушыларға еңбегі мен кәсіби адалдығы үшін алғыс білдіріп, ғылыми және педагогикалық қызметтеріне табыс тіледі.

Ректор білім мен ғылымды дамыту, оқытушылардың кәсіби әлеуетін арттыру және академиялық ортаны жетілдіру ҚазҰУ-дың басты басымдықтарының бірі екенін баса айтты.

Өз сөзінде ЖОО басшысы университет ұжымы қол жеткізген нәтижелерге жоғары баға берді. Сонымен қатар халықаралық рейтингтердегі көрсеткіштерді одан әрі нығайту бағытында университет ұжымы қарқынды еңбек етуі қажет екенін жеткізді.

Шара соңында ҚазҰУ басшысы университет оқытушылары Татьяна Владимировна және Алдияр Талғатұлына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкеновтің Алғыс хатын табыстады. Сонымен қатар ректор бірқатар профессорларға «Әл-Фараби» төсбелгісін тарту етті.

Бұған қоса, мерекеге орай, ҚазҰУ-дың екі қызметкері – Гүлнар Насимова мен Қарлығаш Сапарова Алматы қаласы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Құрылтай: ұлттық санадан – сапалы білімге дейін

Таяуда Астанада бірінші шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Құрылтайының алғашқы сессиясы өтті. Жаңа Конституция негізінде қалыптасқан бұл институттың жұмысын бастауы елдің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сессия барысында қоғамның жаңаруы, азаматтардың қоғамдық іске араласуы, кәсібилік пен жауапкершіліктің маңызы туралы ойларын ортаға салды. Құрылтай депутаттарының алдында тұрған міндеттер де осы талаптармен сабақтасып жатыр.

Бұл сессияны білім мен ғылым тұрғысынан пайымдаудың да өзіндік мәні бар. Себебі кез келген қоғамдық өзгерістің тұрақтылығы оны жүзеге асыратын адамдардың біліміне, кәсіби дайындығына және азаматтық ұстанымына байланысты. Мемлекет жаңа кезеңге қадам басқан сайын білім беру жүйесінің де қоғам алдындағы жауапкершілігі арта түседі.



ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Құрылтай сессиясынан байқалған маңызды бағыттардың бірі – қоғамдық пікірдің сапасына қойылатын талаптың артуы. Қоғамда әртүрлі көзқарастың болуы табиғи. Алайда пікір алуандығы ортақ мүддеге қызмет еткен кезде ғана елдің дамуына нақты үлес қоса алады. Сессияда айтылған «Әр алуан пікір – біртұтас ұлт» қағидаты қоғамдық пікірдің маңызын жаңа қырынан көрсетеді. Әртүрлі ұстанымдардың қатар өмір сүруі қоғамның әлсіздігін емес, оның ой-пікір кеңістігінің кеңейгенін аңғартады. Мұндай алуандылық ортақ мақсатпен ұштасқанда ғана ел дамуына пайдалы мазмұнға ие болады. Сондықтан пікір білдіру мәдениеті мен жауапкершілік бір-бірінен ажырамауы тиіс.

Бұл ұстаным білім беру кеңістігі үшін де маңызды. Университет – тек білім беретін мекеме емес, әртүрлі пікірді мәдениетті түрде талқылауға, дәлел мен дерекке сүйенуге, өз ұстанымын жауапкершілікпен қорғауға үйрететін орта. Студенттің кәсіби білімімен қатар, қоғамдық мәселелерге саналы көзқарасының қалыптасуы да жоғары білім нәтижелерінің бірі болуы тиіс.

Қоғамдық диалогтың сапасы азаматтардың бір-бірін тыңдауынан, өз ойын негіздей білуінен және ортақ шешім іздеуінен көрінеді. Мұндай мәдениет мектептен бастап, университетке дейінгі білім беру жүйесінде қалыптасады. Сондықтан Құрылтайда көтерілген жауапкершілік пен кәсібилік мәселелері жоғары білімнің мазмұнымен тікелей үндеседі.

Қоғамның саяси және әлеуметтік институттарына қойылатын талаптың күшеюі білім беру жүйесіне де маңызды мәселе қояды: біз болашақта қандай маман ғана емес, қандай азамат қалыптастыруымыз керек? Осы сұрақтың жауабы білім сапасы мәселесіне алып келеді.

БІЛІМ – АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ НЕГІЗІ

Кәсіби маманға деген сұраныс артқан сайын оның негізінде тұрған білімнің сапасына қойылатын талап та өзгереді. Қазіргі экономикаға тек дипломы бар маман емес, жаңа жағдайға бейімделе алатын, өз саласын терең меңгерген және білімін үнемі толықтырып отыратын маман қажет. Бұл ретте білім беру мемлекеттің дамуынан бөлек қарастырылмайды. Экономиканың жаңа салаларын дамыту, технологиялық жаңғыру, ғылыми зерттеулер жүргізу, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру – барлығы да адам капиталының сапасына тәуелді. Сапалы білімнің нәтижесі тек емтихан бағасы немесе дипломмен өлшенбейді. Оның шынайы нәтижесі адамның мәселені көре білуінен, ақпаратты талдауынан, дәлел келтіруінен, жаңа білімді өз бетімен меңгеруінен және алған білімін қоғам игілігіне қолдана алуынан байқалады. Сондықтан Құрылтайдың кәсібилікке басымдық беру туралы күн тәртібі университеттер үшін де маңызды бағдар бола алады. Жоғары оқу орындарының міндеті – еңбек нарығына қажетті маман даярлау ғана емес, өзгермелі ортада жауапкершілікпен әрекет ете алатын тұлға қалыптастыру.

Сессияда кәсібилік пен білікті мамандардың қажеттілігіне назар аударылуы білім беру жүйесіне де ой салады. Қазіргі студент дайын ақпаратты меңгерумен шектелмей, деректі тексеріп, мәселені талдап, жаңа білімді өздігінен игере алатын деңгейге жетуі қажет. Мұндай қабілет еңбек нарығында ғана емес, қоғамдық өмірде де маңызды.

УНИВЕРСИТЕТ – ОЙЛАУ МӘДЕНИЕТІ ҚАЛЫПТАСАТЫН ОРТА

Жоғары білімнің ерекшелігі – оның кәсіби даярлықпен қатар, адамның дүниетанымын кеңейтуінде. Университет қабырғасында студент өз мамандығын меңгеріп қана қоймай, зерттеу жүргізуді, дерекпен жұмыс істеуді, ғылыми пікірталасқа қатысуды және түрлі көзқарасты салыстыруды үйренеді.

Бұл дағды бүгінгі ақпараттық қоғамда айрықша маңызды. Ақпарат көлемі артқан сайын оның ішінен шынайы әрі пайдалы деректі таңдау қабілеті адамның кәсіби құзыретінің бір бөлігіне айналып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, университеттегі оқу үдерісі мен қоғамдық диалог арасында табиғи байланыс бар. Қоғамға өз пікірін сауатты жеткізе алатын, қарсы пікірді тыңдайтын, эмоциядан бұрын дәлелге жүгінетін азамат қажет. Мұндай қасиеттер дәрісханада, зертханада, ғылыми жоба барысында және студенттік пікірталастарда қалыптасады.

Сондықтан жоғары білімнің сапасы туралы сөз болғанда оқу бағдарламалары мен материалдық база ғана емес, университетте қалыптасатын интеллектуалдық орта да назарда болуы керек.

ҰЛТТЫҚ САНА ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ

Сапалы білім туралы сөз ұлттық құндылықтар мәселесімен де сабақтасады. Әлемдік білім кеңістігіне ашық болу ұлттық болмыстан бас тартуды білдірмейді. Керісінше, тарихи жадысы мен мәдени негізін жақсы білетін ұрпақ әлемдік тәжірибені саналы түрде қабылдай алады.

Ұлттық сана ең алдымен тілге, тарихқа, мәдениетке және елдің өткені мен бүгініне жауапкершілікпен қараудан көрінеді. Бірақ қазіргі жағдайда оны тек тарихи білім көлемімен шектеу жеткіліксіз. Ұлттық сананың заманауи мазмұнына сыни ойлау, ақпараттық сауаттылық, еңбекке құрмет және қоғам алдындағы жауапкершілік те кіреді.

Құрылтайда айтылған пікірлерді білім беру саласына байланыстыра қарағанда, осы тұс ерекше байқалады. Елге қажет азамат – өз ұстанымы бар, бірақ өзгенің пікірін тыңдай алатын; ұлттық құндылықтарды бағалайтын, бірақ жаңа білім мен технологияға ашық; өз құқығын білетін, сонымен бірге қоғамдық жауапкершілігін түсінетін тұлға. Демек, ұлттық сана мен заманауи білім бір-біріне қарсы емес. Олардың тоғысуы білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болуы тиіс. Ұлттық құндылықтарды сақтау мен жаңа технологияларды игеру бір-бірін толықтыра алады. Тарихи жадысы берік, сонымен бірге дерекке сүйеніп ойлайтын ұрпақ ұлттық мұраны қазіргі заманның талаптарымен ұштастыруға қабілетті болады. Бүгінгі сессияда кәсіби көзқарас пен мазмұнды ұсыныстарға мән берілуі осы бағыттың өзектілігін арттыра түседі. Білім беру де студентті дайын тұжырымды қайталауға емес, дерекке сүйеніп қорытынды жасауға, өз ойын дәлелдеуге және жауапкершілікпен әрекет етуге үйретуі керек.

ҒЫЛЫМ, ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАҢА ТАЛАП

Білім беру жүйесіне қойылатын жаңа талаптарды технологиялық өзгерістерден бөлек қарастыру мүмкін емес. Жасанды интеллект пен цифрлық құралдардың дамуы оқыту әдістерін ғана емес, білімнің өзін қабылдау тәсілін де өзгертіп жатыр. Бұрын ақпаратты есте сақтау маңызды дағды болса, бүгінде одан да маңызды – қажетті ақпаратты табу, оның сенімділігін тексеру, бірнеше дереккөзді салыстыру және алынған мәлімет негізінде дербес қорытынды жасау. Бұл жағдай оқытушының рөлін де жаңаша түсінуді қажет етеді. Оқытушы дайын ақпаратты беруші ғана емес, білім алушының зерттеу бағытын айқындауға, сұрақ қоюына, дәлел іздеуіне және өз қорытындысын жасауына көмектесетін академиялық жетекші болуы керек. Жасанды интеллектіні оқу үдерісінде пайдалану да осы жауапкершілікті күшейтеді. Технология студенттің орнына ойланатын құралға айналмауы тиіс. Керісінше, ол ізденісті жеделдетіп, талдау мен шығармашылыққа көбірек мүмкіндік беретін ресурс ретінде қолданылғаны жөн. Бұл жерде академиялық адалдық пен дереккөзге жауапкершілікпен қараудың маңызы арта түседі. Ғылымның дамуы да осындай сапалы интеллектуалдық ортаға тәуелді. Жас зерттеушілерді қолдау, университет ғылымының практикалық маңызын арттыру, ғылыми нәтижелерді өндіріс пен қоғам қажетіне бағыттау – білім беру саласының ғана емес, елдің ұзақ мерзімді дамуының мәселесі.

БІЛІМ САПАСЫ – ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ МӘСЕЛЕСІ

Білім сапасын тек университеттің немесе білім саласына жауапты мемлекеттік органның міндеті ретінде қарастыру жеткіліксіз. Оған еңбек нарығы, ғылым, өндіріс, ата-ана, студент және тұтас қоғамның сұранысы әсер етеді. Құрылтайдың қоғамдық жауапкершілікке назар аударуы осы тұрғыдан маңызды. Егер қоғам білікті маманды, адал еңбекті, сапалы зерттеуді және негізді пікірді жоғары бағаласа, білімге деген сұраныс та өзгереді. Құрылтайдың бүгінгі маңызын осы байланыстан да көруге болады: қоғамдық мәселе жеке бір саланың шеңберінде қалмай, оның адамға, маманға және тұтас қоғамға әсері тұрғысынан бағалануы қажет. Білім сапасы экономикалық дамудың сапасына әсер етеді.

Ғылым жаңа технологиялық шешімдерге жол ашады. Инновация білікті адами капиталды талап етеді. Ал адами капитал елдің ұзақ мерзімді мүмкіндігін айқындайды. Демек, білім беру мәселесі – тек білім саласының мәселесі емес, бүкіл қоғамның мәселесі.

Осы тұрғыдан алғанда білім сапасын арттыру туралы сөз тек оқу нәтижелерін жақсарту немесе білім беру стандарттарын жетілдіру деңгейінде қалмауы керек. Ол қоғамның интеллектуалдық әлеуетін, ғылыми мәдениетін және азаматтық жауапкершілігін арттырумен қатар жүруі тиіс.

Ал мұндай ауқымды міндет бір ғана мемлекеттік органның немесе білім беру ұйымдарының күшімен шешілмейді. Бұл – мемлекет пен қоғамның ортақ жауапкершілігін талап ететін мәселе.

ҚҰРЫЛТАЙ ЖӘНЕ БОЛАШАҚҚА ДЕГЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың алғашқы сессиясының басталуы – жаңа институционалдық кезеңнің бастауы. Оның нәтижесі уақыт өте келе қабылданатын шешімдермен, қоғамның сұранысына берілетін жауаптармен және нақты істермен бағаланатыны анық. Бүгінгі сессияда депутаттардың кәсібилігіне, қоғамдық белсенділікке және мазмұнды ұсыныстарға қойылған талаптың жоғары болуы да осыны аңғартады.

Құрылтайдың қоғам үшін маңызы оның әртүрлі пікірлерді естіп, оларды ел дамуының ортақ мақсаттарымен ұштастыра алу мүмкіндігімен өлшенеді. Бұл міндет білім мен ғылым саласына да қатысты. Білім саласының өкілдері үшін мұндай қоғамдық алаңның мәні – жоғары білімнің мәселелерін тек салалық деңгейде емес, ұлттық даму тұрғысынан қарауға мүмкіндік беруінде. Бүгінгі студент – ертеңгі маман ғана емес, елдің экономикалық, ғылыми және қоғамдық өміріне араласатын азамат. Сондықтан университеттердің алдында тұрған міндет – сапалы білім беру, ғылымды дамыту және студенттің азаматтық ұстанымын қалыптастыруды өзара байланыстыра жүзеге асыру. Бұл үш бағыт бір-бірінен бөлек қаралғанда нәтиже әлсіз болуы мүмкін, ал өзара сабақтасқанда адами капиталдың сапасын арттырады.

Алмагүл ИСАНБЕКОВА,
Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының ассистент-профессоры

AI-SANA

ЖИ технологияларын тиімді меңгеру

Бүгінгі таңда білім беру жүйесі бұрын-соңды болмаған қарқынмен өзгеріп жатыр. Цифрлық технологиялар, жасанды интеллект, ғарыштық мониторинг пен заманауи геоақпараттық жүйелер біздің күнделікті өміріміз бен ғылымымыздың ажырамас бөлігіне айналды. Ақпарат ағыны тасқындай аққан бұл дәуірде оқытушының да, студенттің де рөлі қайта сараланууда.



Шығыстың ұлы ойшылы әл-Фараби бабамыз: «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», – деп тегін айтпаған. Бүгінгі цифрлық ақпарат ағынында осы парасаттылық пен сыни көзқарас ауадай қажет. Себебі технология қаншалықты дамығанымен, оны игілікке немесе залалға жұмсау адамның ішкі мәдениеті мен ар-ожданына байланысты. Тәрбие мен парасаттылықпен астасқан білім ғана жастарды құр ақпарат жинаушыдан ел болашағына жауапкершілікпен қарайтын шынайы тұлғаға айналдырады.

Осы орайда, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заман ағымынан қалмай, білім беруде цифрлық трансформация мен жасанды интеллект технологияларын тиімді меңгеру саясатын белсенді жүргізіп келеді. Университет қабырғасында оқытушылар мен студенттердің цифрлық сауаттылығын арттыру, ЖИ құралдарын ғылыми ізденіске қауіпсіз әрі әдепті (этикалық) қолдану бойынша арнайы біліктілік курстары, AI-Sana сияқты инновациялық бағдарламалар мен заманауи білім беру платформалары сәтті енгізілуде. Бұл – оқу процесін цифрландырып қана қоймай, жастарымызды әлемдік ғылыми бәсекеге дайындаудың нақты қадамы.

Цифрлық трансформация мен халықаралық танымалдылық нақты тарихи жетістіктермен көрініс табуда. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті геоақпараттық жүйелер (ГАЖ) саласындағы әлемдік көшбасшы – «Esri» компаниясының беделді Special Achievement in GIS (SAG Award) марапатына ие болды. Бұл – Орталық Азия өңірі бойынша берілген алғашқы әрі бірегей халықаралық марапат.

Сонымен қатар заманауи цифрлық бағыт бойынша біздің факультет те қалыс қалып жатқан жоқ, Картография және геоинформатика кафедрасында жаңа оқу жылынан бастап «6В07124 – Пилотсыз авиациялық жүйелер» инновациялық дуалды білім беру бағдарламасы ресми түрде іске қосылды. «Arial Solution» ЖШС Дрон орталығымен бірлесе жүзеге асатын бұл бағдарлама студенттерге теориялық білімді өндірістік ортада БПЛА арқылы аэрофототүсірілім жасау, 3D-модельдеу және мониторинг жүргізу дағдыларымен ұштастыруға жол ашады. Далада ұшқышсыз аппараттармен жиналған деректердің суперкомпьютерде өңделіп, әлемдік ГАЖ технологияларымен интеграциялануы – заманауи отандық ғылымның айқын көрінісі.

Ал осындай озық инфрақұрылым мен заманауи білім беру мүмкіндіктері жүзеге асқан шақта ең басты мәселе – сол мүмкіндікті тиімді пайдалана алатын жаңа буын мамандарын қалыптастыруда.

Өйткені заманауи студент – ол тек ақпарат жинаушы емес, терең ізденушізерттеуші. Хакім Абайдың «Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба...» деген өсиеті дәл қазіргі жастар үшін өмірлік бағдаршам болуы тиіс. Бүгінгі студентке тек дайын дәрісті жазып алып, емтихан тапсыру жеткіліксіз. Заман талабы – сыни ойлай білетін, цифрлық дағдыларды терең меңгерген, ғаламтордағы ақпаратты сараптап, ғылыми ақиқатты таба алатын тұлға қалыптастыру. Ғылымға қадам басқан әрбір жас өзін тек білім алушы ретінде емес, елдің ертеңгі экологиялық, экономикалық және технологиялық қауіпсіздігіне үлес қосатын болашақ маман ретінде сезінуі тиіс.

Биылғы оқу жылында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің география және табиғатты пайдалану факультетін таңдап, қара шаңырағымыздың босағасын аттаған бірінші курс студенттерін жүрекжарды қуанышымен құттықтаймын.

Сіздер өте дұрыс әрі жауапты таңдау жасадыңыздар. Жер бедерін зерттеу, табиғи құбылыстар мен қауіп-қатердің сырын ұғу, климаттың өзгеруі мен экологиялық мәселелерге шешім табу, заманауи геокеңістіктік технологияларды меңгеру – бұл тек заманауи мамандық қана емес, үлкен азаматтық әрі ғылыми миссия. ҚазҰУ-дың бай ғылыми мектебі мен қара шаңырағы аудиториядағы теориялық білімді ғана емес, далалық зерттеулер мен зертханалық ізденістер арқылы үлкен ғылымға жол ашады. Армандарыңыз асқақ, ізденістеріңіз жемісті болсын!

Қадірлі әріптестерімді, оқытушылар мен ғалымдар қауымын жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Шәкірт тәрбиелеп, ғылымның ауыр да қызықты жүгін арқалап жүрген еңбектеріңізге шыдамдылық, сарқылмас қайрат пен шығармашылық табыс тілеймін. Әрбір өткізген дәрісіміз бен далалық-зертханалық жұмысымыз ел болашағын жарқын ететін жаңа жаңалықтарға жол ашқай!

Ақтоты БЕКЖАНОВА,
Картография және геоинформатика кафедрасының оқытушысы



Қоғамдағы түсіністік – тұрақтылық кепілі

Жаңа ғасырдағы толеранттылық – бұл адамзат қоғамындағы қозғаушы күш, қоғамдағы үйлесімді қарым-қатынас шарты. Ынтымақтастық пен төзімділік адамзаттың дамуында өте маңызды. Қазіргі әлемде азаматтарды толеранттылыққа тәрбиелеу қоғамдық білім беру саясатының басты мақсаттарының біріне айналды.



Жалпы, толеранттылық өркениетті қоғамға тән құбылыс. Мұндай қасиет тұтас ұлттың басына бір күнде орнай салмайтыны белгілі. Бұл – халықтың сана-сезімі, дәстүрі, рухани байлығының кемелденгенінің айқын көрінісі. Осы тұрғыдан алып қарасақ, елдегі қоғамдық қарым-қатынастардың белгілі бір дәрежеге көтерілгенін байқаймыз. Елімізде ұлтаралық татулықтың салтанат құруы – қоғамның көпжылғы еңбегінің жемісі. Біле білсек, толеранттылық – үлкен құндылық.

Қазіргі кезде әлемнің бірнеше елінен келетін шетелдік студенттер үшін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті сапалы, жоғары деңгейлі білім алудың танымал орталығына айналуда. Университет оқытушыларының алдында студенттер арасында өзара сыйластық, достық, басқа мәдениетке төзімділік сияқты қасиеттерді қалыптастыру міндеті тұрады.

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасында Оңтүстік Корея, Қытай, Жапония, Түркия, Канада, АҚШ және т.б. елдерден келген шетелдік студенттер бар. Олардың жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу барысында түрлі психологиялық қиындықтарға тап болатыны сөзсіз. Бұл қиындықтар тек оқу процесімен ғана емес, сонымен қатар олардың тұлғалық дамуы, эмоциялық тұрақтылығы және әлеуметтік байланыс орнату қабілетімен тікелей байланысты. Шетелдік студенттердің жаңа оқу ортасына бейімделу процесі – күрделі әрі көпқырлы процесс. Бұл тек жаңа академиялық пәндерді меңгерумен шектелмейді, сондай-ақ мәдени, әлеуметтік және психологиялық кедергілерді жеңуді де қамтиды. Студенттердің жаңа ортаға сәтті бейімделуі олардың оқу үлгеріміне, стрестік деңгейіне, тұлғалық дамуына және оқу процесінен алған қанағаттануына тікелей ықпал етеді. Осы бейімделудің психологиялық ерекшеліктерін түсіну маңызды, себебі білім беру процесінде қолдау көрсету студенттердің оқу ортасымен өзара әрекеттесуін жақсартып, түрлі стрестік факторлар мен мәдени шоктың теріс әсерін азайтуға мүмкіндік береді.

Бірінші күннен бастап кафедра оқытушылары шетелдік студенттердің қаладағы өмірге бейімделуіне, білім алуына қолайлы жағдайлар жасауға ерекше назар аударады. Кафедрада шетелдік студенттермен толеранттылық, ынтымақтастық және серіктестік идеяларына негізделген түрлі іс-шаралар өткізеді. Жалпы, шетелдік студенттер оқу жылы барысында іс-шараларға қатысып, өз елдері туралы әңгімелейді, ана тілінде ән айтады, ұлттық биін билейді.

Оқытушылар елдегі мерекелерге, оның тарихына, көрнекті жерлеріне, Қазақстанның танымал тұлғаларына арналған дөңгелек үстелдер өткізеді. Мұндай іс-шаралар шетелдік студенттердің толерантты қарым-қатынасын қалыптастыруға әсері мол.

Кафедрада ұйымдастырылатын түрлі тәрбиелік, мәдени, ашық кураторлық іс-шаралар, әсіресе табиғат аясына, өзен-көл, тауға, театр-музейлерге және т.б. аумақтарға бірлескен экскурсия, саяхат өзара түсіністік пен достықты нығайтуға, жастарды тәрбиелеуге айрықша ықпал етеді.

Осындай мақсатта таяуда кафедрада шетелдік студенттерге арналған «Қазақстандағы толеранттылық пен ұлтаралық келісім» тақырыбында ашық кураторлық сағат өтті. Іс-шараның мақсаты – түрлі мәдениеттер мен ұлт өкілдеріне құрметпен қарау сезімін қалыптастыру. Мейірімділік, өзара түсіністік және азаматтық жауапкершілік құндылықтарын дамыту болды. Іс-шара барысында студенттер қазіргі қоғамдағы толеранттылықтың маңызын талқылап, интерактивті тапсырмалар мен сауалнамаларға қатысты, сондай-ақ достық пен келісім туралы өз түсініктерін шығармашылық жұмыстар мен топтық пікірталас арқылы білдірді.

Жиын қорытындысы көрсеткендей, шетелдік студенттер толеранттылық пен ұлтаралық келісімнің Қазақстандағы бейбітшілік пен тұрақтылықтың негізі екенін жақсы түсінді. Қатысушылар белсенділік танытып, өзара сыйластық пен пікір алуандылығына тәнті болды. Сондай-ақ халық бірлігі елдің табысты болашағының кепілі екеніне көз жеткізді.

Айгүл СӘДЕНОВА,
Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Академик Шахбаз Ершинге естелік тақта ашылды

Алматы қаласында көрнекті ғалым, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, академик Шахбаз Әлімгерейұлы Ершиннің өмірінің соңғы жылдары тұрған үйіне естелік тақта орнатылып, салтанатты ашылу рәсімі өтті. Тағылымды шара ғалымның туғанына 100 жыл толуы қарсаңында ұйымдастырылды.



Салтанатты жиынға академиктің жұбайы, балалары мен туған-туыстары, әріптестері, шәкірттері, ғылыми қауымдастық өкілдері, сондай-ақ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басшылығы мен профессор-оқытушылар құрамы қатысты.

Іс-шарада Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ атынан ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Марғұлан Ибраимов құттықтау сөз сөйлеп, Шахбаз Әлімгерейұлының университеттің ғылым тарихындағы айрықша орнына тоқталды. Өз сөзінде проректор ғалымның ғылыми-педагогикалық қызметі Қазақ ұлттық университетімен тығыз байланысты болғанын атап өтті. Ол механика, жылуфизика, гидроаэродинамика, сұйықтар мен газдар механикасы салаларының дамуына, сондай-ақ мұнай-газ өнеркәсібінің өзекті мәселелерін шешуге зор үлес қосты.

Шахбаз Әлімгерейұлының ғылыми мұрасы 300-ден астам ғылыми еңбекті қамтиды. Оның ғылыми жетекшілігімен 29 кандидаттық диссертация қорғалып, шәкірттерінің бесеуі ғылым докторы атанды. Сонымен қатар 1978 жылы оның бастамасымен құрылған Тұтас орта механикасы кафедрасы



бүгінгі күні де еліміздің жетекші ғылыми-білім беру орталықтарының бірі болып саналады.

Шара барысында академиктің ұзақ жылдар бірге қызмет атқарған әріптестері – профессорлар З.Мансұров, Ғ.Шериязданов, Ә.Темірғалиев, сондай-ақ шәкірттері Ұ.Жапбасбаев, А.Қалтаев, А.Төлешов және басқа да ізбасарлары сөз сөйлеп, ұстаз туралы жүрекжарды естеліктерімен бөлісті. Олар Шахбаз Әлімгерейұлын терең білімді ғалым, білікті ұстаз, талапшыл тәлімгер әрі адамгершілігі мол тұлға ретінде еске алды.

Естелік тақтаның ашылуы – ғалымның Қазақстан ғылымының дамуына қосқан өлшеусіз үлесіне көрсетілген зор құрметтің белгісі. Академик Шахбаз Әлімгерейұлы Ершиннің ғылыми мұрасы мен қалыптастырған ғылыми мектебі әлі де талай буын жас ғалымдарға бағыт-бағдар беріп, ел ғылымының өркендеуіне қызмет ете беретіні сөзсіз. Ал Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұлттық ғылымның дамуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті ғалымдардың есімін ұлықтап, олардың бай мұрасын кейінгі ұрпаққа насихаттау дәстүрін жалғастыра береді.

Динара ТУРАЛИНА,
Механика кафедрасының ассистент-профессоры



Студенттер «Силлено» өкілдерімен кездесті

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультетінде «Силлено» ЖШС өкілдерімен кездесу өтті. Бұл кездесуде студенттер ірі өндірістік жобамен танысып қана қоймай, болашақ мамандығының нақты мүмкіндіктерін көруге жол ашты.

Кездесудің негізгі мақсаты – студенттер мен оқытушы-профессорлар құрамын SILLENO полиэтилен өндіру жобасының жүзеге асырылу барысымен таныстыру, болашақ кәсіби мүмкіндіктер туралы ақпарат беру және жас мамандарды компанияның кадрлық резервіне іріктеу.

Кездесуге компанияның бас технологі Н.Дубенский, бас механигі А.Гаврилов, жетекші инженер-технолог С.Ермекова қатысты.

Компания өкілдері Атырау облысында салынып жатқан интеграцияланған газ-химия кешені туралы айтып, жобаның негізгі бағыттары мен даму перспективаларын таныстырды. Кәсіпорын жылына 1,25 млн тоннаға дейін полиэтилен өндіруді көздейді, ал өндірісті іске қосу 2029 жылға жоспарланған. Демек, жаңа кешенге химия және химиялық технология саласында білікті мамандар қажет болады.

Кездесуде студенттердің кәсіби тұрғыда дамуының мәнжайына, сондай-ақ жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріне ерекше назар аударылды. Болашақ мамандар заманауи өндірісте қандай білім мен құзыреттер қажет екенін, жас кадрларды іріктеу, оқыту және тағылымдамадан өткізу бағыттары туралы тікелей сала мамандарынан білді.

Кездесудің маңызды бөлігі студенттерді бейіндік тестілеуден өткізу болды. Факультет студенттері жақсы нәтиже көрсетіп, өздерінің теориялық білімі мен кәсіби даярлық деңгейін таныта алды. Үздік нәтиже көрсеткен студенттер компания өкілдерімен жеке әңгімелесуге мүмкіндік алды.

Мұндай кездесулердің маңызы тек жұмысқа орналасу мүмкіндігімен шектелмейді. Студент үшін бұл – бүгінгі өндірістің нақты талаптарын түсіну, өз білімін бағалау және болашақ кәсіби бағытын айқындау мүмкіндігі. Ал университет үшін өнеркәсіппен тікелей байланыс білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының сұранысына жақындатып, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға жол ашады.

Бүгін аудиторияда білім алып жүрген студенттің ертең еліміздің ірі өндірістік жобаларына қатысуы – университет пен өндіріс арасындағы осындай жүйелі байланыстың нақты нәтижесі.

Мөлдір ДҮЙСЕБАЕВА,
химия және химиялық технология факультетінің деканы

Лейла КҮДРЕЕВА,
декан орынбасары

64 шаршыдағы тартыс

Бір жүріс – бір шешім. Бір қателік – партия тағдырын өзгертуі мүмкін. Ал жеңіске жету үшін қарсыластың келесі қадамын ғана емес, бірнеше жүрісін алдын ала болжай білу қажет. Осындай ақыл мен сабыр сынға түскен тартысты дода Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өтті. Факультетаралық CHESS STORM шахмат турнирі түрлі мамандықта білім алып жүрген студенттерді бір шахмат тақтасының басына жинады.

Шахмат тақтасындағы алпыс төрт шаршыда әр қатысушының өзіндік стратегиясы, өзіндік ойыны бар. Бірі алғашқы жүрістерден-ақ белсенді шабуылға көшсе, енді бірі асықпай, қарсыласының қателесуін күтеді. Сондықтан бұл ойында уақытты тиімді пайдалану, сабыр сақтау және әр шешімді мұқият таразылау аса маңызды.

CHESS STORM барысында да әр партия өзіндік тартысымен ерекшеленді. Студенттер жеңіс үшін соңғы жүріске дейін күресіп, стратегиялық ойлау мен шапшаң шешім қабылдау қабілеттерін көрсетті. Шахмат тақтасында қарсылас болған жастар ойын аяқталғаннан кейін бір-бірімен пікір алысып, тәжірибелерімен бөлісті. Осылайша турнир тек жүлделі орындар үшін жарыс емес, шахматқа қызығатын студенттерді жақындастырған ортаға айналды.

Тартысты партиялардың нәтижесінде философия және саясаттану факультетінің 1-курс студенті Дінмұхаммед Байқадам үздік нәтиже көрсетіп, I орынды иеленді. II орын ақпараттық технологиялар факультетінің 2-курс студенті Masoud Sarwary-ге бұйырды. Ал физика-техникалық факультетінің 1-курс студенті Сұлтан Құдайбергенов үздік үштікті қорытындылап, III орыннан көрінді.



Шахматты кейде «үнсіз өтетін тартыс» деп атайды. Расында, мұнда қарсыластар сөзбен емес, жүріспен сөйлеседі. Әр фигура қозғалысының артында есеп, әр шешімнің артында стратегия жатыр. Осындай ойын адамның тек логикалық ойлауын ғана емес, шыдамдылығын, зейінін және жауапкершілігін де шыңдайды.

Университет – студенттің тек кәсіби білім алатын орны емес, бұл жаңа орта қалыптастырып, өз қабілетін танытып, түрлі бағытта дамитын кезең. Осы тұрғыдан алғанда, CHESS STORM секілді зияткерлік жарыстар студенттік өмірге ерекше серпін беріп, әр факультетте білім алып жүрген жастардың бір-бірімен танысуына және ортақ қызығушылық төңірегінде бас қосуына мүмкіндік береді.

Бұл жолғы додада біреулер жеңіс тұғырынан көрінсе, енді біреулер жаңа тәжірибе жинады. Бірақ шахматтың қызығы да осында: әр жеңіліс – келесі жеңіске апарар сабақ, ал әр жаңа қарсылас – жаңа тәжірибе.

CHESS STORM аяқталды. Алайда 64 шаршыдағы тартыс мұнымен тоқтамайды. Өйткені шахматта да, студенттік өмірде де әр аяқталған партиядан кейін жаңа ойын басталады.

Жеңіс ТӘУКЕБАЕВ,
физика-техникалық факультетінің 1-курс докторанты

Закон и порядок начинается

с защиты прав каждого жителя

Закон и порядок — это не только борьба с преступностью и реагирование на уже совершенные правонарушения. Прежде всего, это защита человека, его прав и законных интересов, создание безопасной и комфортной среды для жизни. Именно такой подход лежит в основе работы прокуратуры Алматы по выявлению и устранению очагов социальной напряжённости. Важно не просто реагировать на последствия, а своевременно выявлять причины конфликтов, восстанавливать нарушенные права граждан и не допускать повторения подобных ситуаций.

Одним из показательных примеров стала ситуация в микрорайоне Аксай-1А, где на протяжении длительного времени жители выражали недовольство деятельностью ПКСК «Школьник». Основанием для прокурорского реагирования стали результаты анализа обращений граждан, а также публикаций и обсуждений в социальных сетях.

КОГДА ОБЩЕЕ ИМУЩЕСТВО СТАНОВИТСЯ ПРЕДМЕТОМ НЕЗАКОННОЙ ВЛАСТИ

Проведённая проверка показала, что еще в 2014 году председателем ПКСК был произведен раздел земельного участка площадью 1,7 га, относящегося к придомовой территории и находившегося в общей долевой собственности жителей. Впоследствии часть образованных земельных участков была реализована аффилированным лицам. Общая стоимость незаконно отужденного имущества превысила 300 млн теңге. По данному факту прокуратурой района зарегистрировано уголовное дело по признакам мошенничества в особо крупном размере. На земельные участки наложены аресты. Суд признал председателя ПКСК виновным по пункту 2 части 4 статьи 190 Уголовного кодекса и назначил ему наказание в виде пяти лет лишения свободы. На сегодняшний день приговор не вступил в законную силу. Для нас принципиально важно, что восстановление законности не ограничилось привлечением виновного лица к ответственности.

СУД КАК ИНСТРУМЕНТ ПРОФИЛАКТИКИ

Впервые в рамках данного дела был реализован открытый формат судебного рассмотрения с участием председателей наиболее проблемных ОСИ и КСК района, в отношении деятельности которых поступает значительное количество жалоб жителей. Мы исходили из простого принципа: профилактика должна быть конкретной. На реальном судебном процессе руководители органов управления объектами кондоминиума смогли увидеть не теоретические положения



законодательства, а реальные правовые последствия незаконного распоряжения общим имуществом собственников. Такой подход позволяет повысить правовую грамотность председателей ОСИ и КСК и одновременно предупреждает возможные нарушения в будущем. Для прокуратуры важно, чтобы каждый подобный случай становился не только основанием для восстановления нарушенных прав, но и уроком для всех, кто отвечает за управление общим имуществом граждан.

ОТДЕЛЬНОЕ НАРУШЕНИЕ — СИСТЕМНАЯ ПРОБЛЕМА

При этом ситуация в «Аксай-1 А» требовала более комплексного подхода. Анализ показал, что социальная напряжённость формировалась не из-за одного конкретного факта. Жители сталкивались одновременно с рядом проблем, непосредственно влияющих на качество и безопасность их повседневной жизни. Совместно с уполномоченными государственными органами были выявлены факты функционирования незаконных хостелов в подвальных помещениях, нарушения санитарных требований, а также самовольных подключений к коммунальным сетям. В результате прекращена деятельность 10 хостелов, внесено 14 предписаний, приостановлены незаконные подключения к сетям водоснабжения и электроснабжения, а приборы учета приведены в соответствие с установленными требованиями. Таким образом, работа была выстроена не вокруг отдельных жалоб, а вокруг комплексного устранения причин, которые годами формировали недовольство жителей.

ЗАКОННОСТЬ ДОЛЖНА ИМЕТЬ ИЗМЕРИМЫЙ РЕЗУЛЬТАТ

Эффективность такой работы должна определяться не количеством принятых мер, а тем, что изменилось для людей. После реализации комплекса мероприятий уровень преступности в микрорайоне снизился на 50%, количество административных правонарушений против общественного порядка — на 70%. В результате обеспечена защита прав порядка 15 тысяч жителей Аксай-1А, а существовавший очаг социальной напряженности ликвидирован. Для нас это один из главных показателей работы прокуратуры.

Когда человек видит, что его проблема не остается без внимания, что государство способно разобраться в ситуации, восстановить нарушенное право и обеспечить безопасность, именно тогда формируется доверие к закону и государственным институтам. Жители микрорайона положительно оценили результаты проведенной работы и выразили благодарность за восстановление их нарушенных прав.

Опыт «Аксай-1 А» еще раз показывает: принцип «Закон и Порядок» начинается с конкретного человека и его повседневных проблем. Прокуратура должна видеть не только совершенное правонарушение, но и причины, которые к нему привели. Не только реагировать, но и предупреждать. Не только привлекать к ответственности, но и восстанавливать нарушенные права граждан. Сегодня работа по выявлению и устранению очагов социальной напряженности продолжается во всех районах Алматы. Наша задача — обеспечить, чтобы закон был не абстрактным понятием, а реальным механизмом защиты человека, его семьи, имущества и безопасной жизни. Закон и порядок начинаются там, где права каждого человека находятся под защитой государства.

Серик КАРИПБЕКОВ,
прокурор города Алматы

Научная стажировка в Великобритании:

опыт, знания, новые возможности

Старший преподаватель кафедры иностранной филологии и переводческого дела КазНУ имени аль-Фараби Таирова Гюзаль Аманжановна проходит научную стажировку в рамках международной программы «Болашак» в University of Sussex (г. Брайтон, Великобритания). Научная стажировка осуществляется по направлению «Литература». Тема исследования – «Теория литературы и сравнительное изучение мировой литературы». Стажировка в одном из ведущих британских университетов открывает новые возможности для профессионального и научного роста преподавателя.

Международная стипендия «Болашак» направлена на подготовку и повышение профессиональной квалификации казахстанских специалистов в ведущих зарубежных образовательных и научных организациях. В рамках программы предусмотрено прохождение академического обучения и профессиональных стажировок за рубежом. В числе категорий претендентов на стажировки представлены также педагоги и сотрудники организаций высшего и послевузовского образования.

Во время пребывания в Великобритании Таирова Гюзаль активно вовлечена в академическую жизнь принимающего университета: посещает научные семинары, лекции, дискуссионные площадки и мероприятия, посвященные современным исследованиям в области литературы, педагогики и методики преподавания. Значимой частью научной стажировки стало участие в международных академических мероприятиях. В их числе - UCL EEE Festival of Research в Лондоне, мероприятия University of Sanctuary в Брайтоне и NATE Conference в Манчестере. Участие в подобных площадках позволяет знакомиться с современными исследовательскими практиками, обмениваться опытом с зарубежными коллегами и расширять профессиональные контакты.



Особое место в программе занимают литературные встречи с современными британскими писателями, которые проходят в различных городах Великобритании. Такие мероприятия дают возможность непосредственно знакомиться с актуальными тенденциями литературного процесса и рассматривать художественные произведения не только в теоретическом, но и в широком социокультурном контексте. В ходе академической подготовки Таирова Гюзаль изучает современные литературоведческие концепции и методы сравнительного анализа мировой литературы, знакомится с новыми педагогическими подходами и принимает участие в научных дискуссиях. Особое внимание уделяется развитию навыков критического мышления, академической аргументации и интерпретации художественного текста. Научная стажировка также обеспечивает доступ к современным информационным ресурсам, библиотечным фондам и исследовательским материалам University of Sussex, что позволяет глубже изучить творчество отдельных авторов, литературные направления и тенденции современной мировой литературы.

Полученные знания и международный академический опыт имеют практическое значение и для дальнейшей работы в КазНУ имени аль-Фараби. После завершения стажировки преподаватель сможет интегрировать новые исследовательские и педагогические подходы в образовательный процесс, использовать их в работе со студентами и коллегами, а также развивать международное научное сотрудничество.

Участие преподавателей КазНУ в международных программах академического и профессионального развития способствует укреплению научного потенциала университета, расширению международных связей и внедрению современных подходов в преподавание и исследовательскую деятельность. Программа «Болашак» в данном контексте становится важным инструментом профессионального роста, позволяя казахстанским специалистам получать опыт в зарубежных университетах и исследовательских центрах и в дальнейшем применять полученные знания в отечественной системе образования и науки.

Индира АЗИМБАЕВА,
стар.препод.

Гульназ ИСКАКОВА,
и.о.доцента филологический факультет, кафедра иностранной филологии и переводческого дела

Еңбегі лайықты бағаланған ұстаз

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетінің профессоры, экономика ғылымының докторы Қарлығаш Мұхтарова мерейлі жас – жетпісте.

Қарлығаш Сапарқызы мерейтойға отандық экономика ғылымына елеулі үлес қосқан ғалым, мәртебелі ұстаз, сүйікті ана ретіндегі өмірлік жетістіктерімен келіп отыр.



Ғалым қырық жылдан аса өмірлік жолын Қазақстан қоғамына жоғары маманданған шәкірттер даярлауға арнады. Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетіндегі оқытушылық қызметінен кейін, 1996 жылдан бері Қарлығаш Сапарқызының кәсіби қалыптасып, кемелденуі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен тығыз байланысты. Әсіресе Менеджмент және маркетинг кафедрасын басқарған кезінде басқару саласына сапалы мамандар даярлау үдерісіне белсенді араласты. Ғалым әр жылдары Республикалық ғылыми-әдістемелік бірлестігінің «Менеджмент», «Маркетинг», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» бағыттары бойынша секциялардың төрағасы қызметін атқара отырып, сапалы, қазіргі заман талабына сай мазмұнды оқу бағдарламаларын жасауға көп үлес қосты. Қарлығаш Сапарқызы сол сияқты университеттің оқу бағдарламаларын жаңғырту үдерісіне белсенді атсалысты. 2016 жылы ғалымның басшылығымен мынадай үш оқу бағдарламасына лицензия алынды: DBA, логистика бойынша магистрлік бағдарлама, маркетинг бойынша докторлық бағдарлама.

Ғалымның ғылыми жолдағы ізденісі Серго Орджоникидзе атындағы Мәскеу басқару академиясына аспирантураға қабылдануынан басталды. Соның нәтижесінде «Экономика саласындағы басқару» мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғады.

2004 жылы «Экономика саласындағы басқару» мамандығы бойынша докторлық диссертациясында Қарлығаш Сапарқызы кедейлік және жұмыспен қамту мәселелерін ғылыми тұрғыда терең зерттеді. Бұл еңбек ұлттық экономика ғылымына қосылған тың еңбек ретінде бағаланды. Сөйтіп, 2007 жылы экономика саласы бойынша профессор атағына ие болды.

Қарлығаш Мұхтарова ғылыми кеңестерді басқарып және оған мүше бола отырып, экономиканың өзекті бағыттары бойынша ғылым мамандарын толықтыруға, ғылыми жаңа бағыттардың қалыптасуына ерекше күш-жігер жұмсады. Ғалымның басшылығымен «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Менеджмент» мамандықтары бойынша 8 PhD докторы,11 ғылым кандидаты даярланды.

Зерделі ғалымның ғылыми баспа, жарияланым саласындағы қызметі айрықша мәнге ие. 2014-2018 жылдары «ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы» журналының редколлегия мүшесі және редакторы, BSCO халықаралық деректер қорына кіретін «Central Asian Journal of Social Sciences and Humanities» журналының ғылыми редакторы қызметін атқарды.

Бүгінде Қарлығаш Сапарқызы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар мен әлемдік экономика кафедрасының профессоры ретінде белсенді ғылыми-педагогикалық, қоғамдық қызмет атқаруда.

Профессор Қарлығаш Сапарқызы оннан астам ғылыми монографиялар мен оқу құралдарының, үш жүзден астам отандық және шетелдік мақалалардың авторы. Ғалым кәсіби қызметі барысында жетіден астам ғылыми жобаларға қатысып, жетекшілік етті. Оның еңбек жолында жеткен жетістіктері мемлекеттік, университеттік деңгейдегі марапаттар арқылы бағаланды. Әсіресе профессордың маңдай тері 2023 жылы «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік медалімен айғақталды. Қарлығаш Мұхтароваңың кеудесіне осы мемлекеттік марапатты тағуы ұзақ жылдық еңбектің бағалануы деп білемін.

Қарлығаш Сапарқызына мерейтойында мықты денсаулық, отбасына амандық тілей отырып, болашақта шәкірттерді тәрбиелеуде, ғылымды дамытуда әлі де қосатын үлесің мол болсын деген тілек айтқым келеді.

Мәнсия САДЫРОВА,
социология ғылымдарының докторы, Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессоры

Алматы қаласындағы Ботаника және фитоинтродукция институты мен оның құрамындағы Бас ботаникалық бақ – Қазақстанның өсімдіктер дүниесін зерттеу, табиғи флораны сақтау, сирек және эндемик өсімдік түрлерін қорғау, интродукциялау және елді мекендерді көгалдандыру бағыттарында ұзақ жылдар бойы іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізіп келе жатқан еліміздің маңызды ғылыми мекемелерінің бірі.

Ізденіс жетегіндегі жылдар

Бүгінде Ботаника және фитоинтродукция институтының құрамында Алматыдағы Бас ботаникалық бақ, Астана ботаникалық бағы, Жезқазған ботаникалық бағы және Іле ботаникалық бағы жұмыс істейді. Бұл мекемелердің ғылыми-зерттеу, коллекциялық, тәжірибелік және ағартушылық қызметі Қазақстанның өсімдіктер қорын сақтау мен тиімді пайдалануға бағытталған.

Алматыдағы Бас ботаникалық бақтың қазіргі ғылыми және қоғамдық келбеті, оның соңғы онжылдықтардағы жаңғыруы мен дамуында биология ғылымының докторы, Қазақ ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, профессор Гүлнар Ситпаеваның есімі ерекше орын алады. Таяуда Гүлнар Тоқбергенқызы 60 жылдық белесін бағындырды.

Гүлнар Тоқбергенқызының кәсіби жолы педагогика мен ботаника ғылымын ұштастырудан басталды. 1989 жылы Қостанай педагогикалық институтын тамамдап, Ботаника кафедрасында зертханашы, оқытушы, зертхана меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1995-1998 жылдары Ботаника институтының күндізгі аспирантурасында білім алып, ғылыми зерттеу бағытын жүйелі түрде жалғастырды. 1998 жылы «Торғай аңғарының флорасын талдау» тақырыбында кандидаттық диссертациясын, ал 2010 жылы «Еділ-Қазақстан дала провинциясының дәнді дақылдары (жүйелі құрамы, экологиясы, географиясы)» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

Гүлнар Ситпаеваның еңбек жолындағы әр кезең еліміздегі ботаника ғылымының дамуымен тығыз байланысты. Ғалымның қызметі ғылыми зерттеулермен ғана шектелмей, ғылыми мекемені басқару, оның материалдық-техникалық және зертханалық базасын нығайту, халықаралық ғылыми байланыстарды кеңейту, ғылыми кадрларды даярлау және өсімдіктер дүниесін қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету бағыттарын қамтиды.

2008 жылдан бері институтқа басшылық еткен жылдар ішінде Бас ботаникалық бақ елеулі жаңғыру кезеңінен өтті. Ғылыми бағыттар кеңейіп, зертханалық инфрақұрылым жетілдірілді, өсімдіктер коллекциялары толықтырылды, ғылыми зерттеулердің материалдық-техникалық мүмкіндіктері артты.



Осы кезеңдегі маңызды жобалардың бірі – Алматыдағы Бас ботаникалық бақ аумағында жүргізілген ауқымды реконструкция жұмыстары. «Болат Өтемұратов қорымен» бірлесіп әзірленген және жүзеге асырылған реконструкция жобасының басты мақсаты бақтың тарихи және ғылыми мұрасын сақтай отырып, оның инфрақұрылымын заманауи талаптарға сәйкестендіру болды.

Гүлнар Тоқбергенқызы басшылық жасаған кезеңде институттың ғылыми әлеуетін арттыруға ерекше мән берілді. Заманауи зертханалық бағыттардың дамуы, тұқым шаруашылығы, өсімдіктер генетикасы, молекулалық биология, интродукция және өсімдіктерді көбейту салаларындағы зерттеулердің кеңеюі ғылыми ізденістердің жаңа деңгейге көтерілуіне мүмкіндік берді.

Бас ботаникалық бақ біртіндеп іргелі ботаникалық зерттеулер мен елдің нақты практикалық міндеттерін байланыстыратын ғылыми алаңға айналды.

Гүлнар Ситпаеваның кәсіби қызметінің маңызды бағыттарының бірі – ғылыми кадрлардың жаңа буынын қалыптастыру.

Ботаника және фитоинтродукция институты көптеген жылдар бойы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен тығыз ғылыми және білім беру байланыстарын дамытып келеді. Институттың университет үшін ғылыми-практикалық база ретінде қалыптасуында Гүлнар Тоқбергенқызының ұйымдастырушылық және ғылыми еңбегінің маңызы зор.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың биология және биотехнология салаларындағы білім алушылары, магистранттары, докторанттары мен жас ғалымдары үшін институт базасында ғылыми тағылымдамадан өтуге, далалық зерттеулер жүргізуге, өсімдіктер коллекцияларымен және гербарий қорларымен жұмыс істеуге, зертханалық әдістерді меңгеруге, ғылыми жобаларға қатысуға және тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік жасалды.

Әсіресе ботаника және агроэкология бағыты бойынша білім алатын студенттер үшін Бас ботаникалық бақ пен институттың ғылыми бөлімдері табиғи өсімдіктер дүниесін тікелей зерттейтін бірегей оқу-ғылыми орта екенін айту орынды. Далалық практика кезінде студенттер өсімдіктерді анықтау, гербарий материалдарын жинау және рәсімдеу, өсімдік қауымдастықтарын сипаттау, интродукциялық коллекциялармен жұмыс істеу, фенологиялық бақылаулар жүргізу сияқты кәсіби дағдыларды меңгереді. Ал жас ғалымдар үшін институт базасы ғылыми жобаларды орындауға, тәжірибелі мамандармен бірлесіп зерттеу жүргізуге, жаңа әдістемелерді игеруге және кәсіби ғылыми ортаға бейімделуге мүмкіндік береді.

ҚазҰУ мен Ботаника және фитоинтродукция институты арасындағы ғылыми ынтымақтастықтың нәтижесінде бірлескен зерттеулер, ғылыми тағылымдамалар, далалық зерттеулер, ғылыми семинарлар мен кадрлар даярлау бағыттары дамып келеді. Бұл ретте институттың ҚазҰУ үшін негізгі ғылыми-практикалық серіктестердің және жас мамандарды даярлауға қатысатын маңызды жұмыс беруші ұйымдардың бірі ретіндегі орны ерекше.

Нұрсұлу ЗИЯХАНҚЫЗЫ,
Ботаника және агроэкология кафедрасының профессоры

Студенттерді қабылдау рәсімін ЖИ жүргізді









Басы 1-бетте

Кешті оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашып, жаңа оқу жылын бастаған бірінші курс білім алушыларын университет студенті атануымен құттықтады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Әділетті, қауіпсіз, озық және таза Қазақстанды құру – баршамыздың қастерлі парызымыз. Осы жолда бәріміз белсенді жұмыс істеуіміз керек. Бәріміз адал, шыншыл және жауапты да болуымыз қажет», – деп нақты бағыт берді. Сондықтан бүгінгі жас азаматтың бойында терең біліммен қатар, заңды құрметтеу мен жауапкершілік мәдениеті қалыптасуы тиіс», – деді ректор.

Өз сөзінде Жансейіт Қансейітұлы университеттің халықаралық деңгейдегі көрсеткіштеріне тоқталып, ҚазҰУ қалашығын дамыту бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде ақпарат берді. Сондай-ақ студенттер үшін жаңадан ашылған Farabi Hub, Суперкомпьютер орталығы, Қазақстан-Сингапур кванттық технологиялар орталығы, Farabi Robotics, Цифрлық технологиялар және робототехника институты секілді ғылыми-технологиялық инфрақұрылымның маңыздылығын атап өтіп, мұнда жастардың ғылыммен айналысуына барлық жағдай жасалғанын жеткізді.

«Бүгіннен бастап сіздердің өмірлеріңізде жаңа, жарқын белес басталды. ҚазҰУ сіздерге әлемдік деңгейдегі білім мен зерттеу мүмкіндіктерін ұсынып отыр. Шет тілдерін үйреніп, заманауи стартаптар құрып, цифрлық әлемнің тек тұтынушысы емес, жаратушысы болу маңызды», – деп түйіндеді университет басшысы.

Іс-шара барысында студенттер атынан Омбы филиалының 1-курс студенті Ольга Назарова, Бішкек филиалының 1-курс студенті Дастан Тәжиев және шетелдік білім алушылар сөз сөйледі.

Мерекелік шара студенттер әзірлеген арнайы концерттік бағдарламамен жалғасты. Жастардың қатысуымен «Ретро», «ЖИ, ғылым, инновация», «Таза Қазақстан» және «Кітап оқитын ұлт» хореографиялық-музыкалық композициялары ұсынылды. Шарада қара шаңырақтың Қырғызстан мен Ресейдегі филиалдарының білім алушылары, сондай-ақ ҚазҰУ-дағы Солтүстік-Батыс политехникалық университетінің филиалы (ҚХР) мен Солтүстік Кавказ федералдық университетінің студенттері белсенділік танытып, өз өнерлерін ортаға салды.

Салтанатты кеш қазақ эстрадасы жұлдыздарының ән шашуымен жалғасып, жастардың би кешіне ұласты.

Айта кетейік, жаңа оқу жылында ҚазҰУ-ға 8117 білім алушы қосылды. Биыл университет бакалавриатына 6236 студент қабылданды. Олардың қатарында 674 «Алтын белгі» иегері мен республикалық және халықаралық жарыстардың 58 жеңімпазы бар. Сондай-ақ магистратураға – 1167, докторантураға 462 зерттеуші оқуға түсті.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ















ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҰНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.
Газетке жазылу индексі: 64787
Таралымы – 2000
Тапсырыс №2303

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.